

Жетісу университеті

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА


Құттықтау

Әз Наурыз құтты болсын!

Құрметті университет ұжымы, студенттер, сіздерді келе жатқан Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – шығыс халықтарының ең көне мерекесі. Табиғат қайта түлеп, жер ана дусанып, айналадағы тіршілік атаулы жаңаратын мерекенің қазақ халқы үшін де орны ерек. Халқымыз бұл күнді Ұлыстың Ұлы күніне теңеп ерекше ықыласпен қарсы алады. Осынау жақсы мерекеде мемлекетімізге тыныштық, азаматтарға амандық тілеймін. Еліміздің білім саласын дамытуда, маман даярлауда бірге атқарып жүрген ісіміз берекелі болсын! Ұжымдағы әрбір қызметкердің еңбегіне табыс, қеніне саулық, отбасына амандық, бақыт тілеймін!

Жаңа жылда шалқар шабыт, қажымас қайрат, тың идеялармен оқу орнының дамуына үлес қоса берейік. Мәлапты шәкірттеріміз, білікті мамандарымыз көп болсын!

Ұлыс оң, ақ бол болсын!



Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,
Басқарма Төрағасы – Ректор.

ӘР АЗАМАТ ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУҒА МҮДДЕЛІ



2 бет

СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘЦІРГЕ!



3 бет

ҰЛТТІ ҰСТАЗЫ



4 бет

ҰРПАҚ - ҰЛТТЫҢ ЖАЛҒАСЫ



7 бет

► СҮЙІНІШ!

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАР БІЗДІҢ ҚОРЖЫНЫМЫЗДА

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай Алматы облыстық көркемсурет галереясында АНАМНЫҢ БЕЙНЕСІ атты жинақталған көрме – байқауы өткен еді. Байқауға барлығы 130 туынды жолданған екен, оның ішінде 21-і кәсіпқой суретшілердің шығармасы, 10-ы студенттер қылқаламынан туған туындылар, 99-ы мектеп оқушылары салған суреттер.

Байқауға Жетісу университетінің оқытушылары мен студенттері де қатысып жүлделі орындарға ие болды. Кәсіпқой суретшілер арасында картинасы үздік деп танылған Шығармашылық білім беру бағдарламаларының оқытушы-деріскері, ҚР суретшілер одағының мүшесі Бақыт Ахметов 1 орынға ие болса, студенттер арасында Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі, Дизайн білім беру бағдарламасының 5 курс студенті Расул Қасен 2 орын алды.

Байқауда үздік деп танылған картиналар көркемсурет галереясына қойылды. Ондағы аналар бейнесінен жер бетіндегі ең аяулы сезім – мейірім мен жылылық анық сезіледі. Осындай көрмеге университет оқытушылары мен студенттер шығармасының қойылуы оқу орны үшін зор мақтанш!



1-ші орын, авторы Бақыт АХМЕТОВ



2-ші орын, авторы Расул ҚАСЕН

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ӘР АЗАМАТ ЕЛ ДАМУЫНА
ҮЛЕС ҚОСУҒА МҮДДЕЛІ

Мемлекет басшысының жолдауын Жетісу университетінің ұжымымен бірге отырып тыңдадық. Еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер біздің жаңаша дамуға бет алғанымызды көрсетеді.

Қаңтар оқиғасына қатысты халық арасында түрлі қауесеттер айтылып келген еді. Президент бүгінгі жолдауында ол оқиғаның астарын ашып берді.

Жасыратыны жоқ, Қаңтар оқиғасы біз үшін үлкен сабақ және мемлекеттік деңгейде саяси шешімдер қабылдауға түрткі болды. Бүгінгі жолдауда жасалған өзгерістер осы шешімдердің жалғасы.

Парламенттің ықпалы күшейіп, үкіметтің жауапкершілігі артатыны, облыс әкімдерінің партияға мүше болмайтыны, өкілетті органдардың жұмысын қадағалайтын қоғамдық кеңестің құрылтай ретінде жұмыс істейтіні, БАҚ-на еркіндік берілуі азаматтық қоғамның дамуына зор ықпал ететіні сенеміз.

Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталатын жаңа облыстардың құрылуы сол аймақ тұрғындарына әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өте тиімді екені анық. Бұл Президенттің ел ішіндегі мәселелерді назардан тыс қалдырмайтынын, халықтың ұсынысына құлақ асатынын көрсетті.

Мемлекет басшысы «Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан, баршаңызды Жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын...», – деді. Қазақстанда өмір сүретін әрбір азамат елдің дамуына үлес қосуға мүдделі. Сондықтан да, әр адам өз саласын кәсіби тұрғыда жетілдірсе жаңа Қазақстанды құруға үлес қосқаны деп түсінеміз.

Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,
Басқарма Төрағасы – Ректор.

ИЛИЯСТАНУ ОРТАЛЫҒЫ

ӨЗ ҰЛЫН, ӨЗ ЕРЛЕРІН
ЕСКЕРМЕСЕ...

25 ақпан күні І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Илияс Жансүгіровті еске алу кеші өтті. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді» атты кеш 1 минуттық үнсіздіктен басталды. Қазақ поэзиясында «Құлагер тағдырлы ақын» аталып кеткен жыр дүлдiлі Илияс Жансүгіров еңбегін жас ұрпаққа насихаттап, есімін есте сақтау мақсатында өткен шараны «Илиястану» ғылыми-практикалық орталығы мен филология мамандығының 3 курс студенттері ұйымдастырды.



1937 жылы 11 тамызда ақынға жазықсыз жала жабылып, қамауға алынды. 1938 жылы 26 ақпан күні ату жазасына кесілді. Ал 1957 жылы 12 сәуірде толық ақталған еді.

Шарада Жастар саясаты жөніндегі проректор, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Болат Абдулдаулы мен филология ғылымдарының докторы, профессор, «Илиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі Мұратбек Мұбырақханұлы сөз сөйлеп, құлагер ақынның өмірі мен шығармашылығына тоқталды. Илияс Жансүгіровтің өмірі жайлы көрсетілген бейнебаян жиылған қауымға ақынның өмірі, еңбектері мен атқарған қызметі жайлы қысқа әрі нақты ақпарат берді.

Серік Ағылшын «Илияс Жансүгіровке арнау», Саяжан Әскербек «Бұлбұлға» атты өлеңдерді мәнәреп оқыса, Жанель Каденова «Қазақтың жері киелі» әнін шырқады. Филология мамандығының білімгері Меруерт Кенжеғалиева Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» атты күйін шертті. Илияс Жансүгіровтің проза жанрындағы көлемді де көрнекті туындысы – «Жолдастар» романы және «Ұяның ұясы – Қожаның дорбасы» атты сатиралық әңгімелерінен көрініс қойылды.

Маржан БАКИНОВА,
«Илиястану» ғылыми-практикалық
орталығының лаборанты.

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ



ШЫН ЖҮРЕКТЕН

Наурыздың 1-і күні І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Алғыс айту күніне орай «Шын жүректен» деп аталатын салтанатты шара өтті. Концерттік бағдарлама университет пен «Айналайын» балалар үйі арасындағы әлеуметтік-іскерлік қарым-қатынасқа 7 жыл толуына орай ұйымдастырылған. Биыл оқу ордасына 50 жыл, қара шаңырақ – студенттерге білім беріп қана қоймай, әрбір жанның жүрегіне ізгілік пен мейірім нұрын сеуіп келеді. Бұл мереке осы ұстанымды тағы бір рет дәлелдеді.

Жеті жыл ішінде есте қалар естеліктер көп болды. Атап айтсақ, балалар үйінің 26 түлегі осы білім ордасын оқуға түсті, жастарымыздың кезекті құттықтау шарасында университет түлегі Ерасыл мен «Айналайын» үйінің тәрбиеленушісі Дарханның ағалы-інілі екендігін білдік. Осы сахна бауырлардың қауышуына куә. Жетісу университетінде оқитын 5000 мыңдай ақ жүрек білімгер айналайындық бұлдіршіндерге қамқор аға-әпке бола білді десек қателеспейміз.

Әдемі ән мен сазды әуен жұдырықтай ғана жүректерді шаттыққа бөлесе, сиқыршының таңғажайып өнері көрермен қауымды тәнті етті. Ал шат-шадыман жайдармандықтар балақайлардың дидагына күлкі мен қуаныш ұялатқаны хақ. Сонымен қатар,

ұйымдастырушылар балалар үйіндегі қаңтар, ақпан, наурыз айында дүние есігін ашқан балаларға арнайы сыйлықтар табыстады.

«Харакет» қайырымдылық қорының мұрындық болуымен тағы бір отбасы баспаналы болды. Жаңа үйдің кілтін иесіне университет ректоры Қуат Маратұлы мен «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Қарагөз Құсайынова табыс етті. Көпбалалы отбасына университет бірнеше ірі тұрмыстық техника (Тоңазытқыш, теледидар, қысқа толқынды пеш, т.б. заттар) тарту етті.

Елу жылда ел жаңа деп бекер айтылмаса керек. Оқу орны әлі талай мәрт, адамгершілігі мол қыз-жігіттерді тәрбиелеп шығарына сенім мол.

Алтынай МАХИМОВА,
Медиаорталық тілшісі.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖӘРМЕҢКЕ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай Құқық және экономика жоғары мектебінің (факультет) ұйымдастыруымен «Күшіміз бірлікте» атты қайырымдылық жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеде жиналған қаражат ІІ-ші дәрежелі, екі жақты кондуктивтік құлақ мүкістігі диагнозы қойылған, көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан 7 жасар Диляра Тухтияеваға есту аппаратын алуға жұмсалмақ. Қайырымдылық шарада Құқық және экономика жоғары мектебінің студенттері мен мүмкіндігі шектеулі жандар жасаған түрлі бұйымдар мен тағамдар сатылды.



Бетті дайындаған Назым ДУТБАЕВА.



Басқарма Төрағасы – Ректордың «Алғыс хатымен» жастарға білім және тәрбие беру ісіне сіңірген үлесі, қызметіндегі жоғары жауапкершілігі мен университеттің дамуына қосқан еңбегі үшін Брацунова Яна Викторқызы, Халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму орталығының сарапшысы - Нұсқабаева Айнұр Мырзахметқызы, Педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушы-ассистенті - Болатханова Жанбота Нұрланқызы, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері - Тілегенова Гүлнұр Әлмұхамбетқызы, Құлық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері - Казиева Лаура Жеңісқызы, «Zhansugurov College» директорларының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары - Жаңұзакова Бахыт Жапарқызы марапатталды.
Сонымен қатар, Ілияс Жансүгіров

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

«Zhansugurov college» - інде «Жыр жауқазындары» үйірмесі жұмыс істейді. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай үйірме мүшелері жауқазын жырларымен құттықтау жазған екен. Жетекшілерінің жолдауымен газет бетіне ұсынамыз. Өмірдің көктемінде жауқазындай жайқалып, өлең әлеміне имене қадам басқан балалардың жолы ашық болсын!

Құтты болсын аналардың мейрамы!

Мейірімі табылмайтын жер көктем,
өмірдегі бағамызды өрлеткен,
Құтты болсын аналардың мейрамы,
тал бесік пен өлемді тең тербеткен!

«Інім ғой» деп ойлайтын шын қамыңды.
Айтқызбай-ақ түсінетін жаныңды,
Құтты болсын әпкелердің мейрамы
арнасаң да көп болмайтын барыңды!

«Қайыным» деп қалжыңдасып ойнайтын.
Ағамыздың хәлін әр кез ойлайтын,
Құтты болсын жеңгелердің мейрамы,
қай жерде де сұлулығын сақтайтын!

Таңның төтті шуағы боп шашылған,
«Ағам ғой» деп мойыныңа асылған,
Құтты болсын қарындастың мейрамы,
әрқашан да табылатын қасыңнан!

Жігіттердің жүректерін жаулаған,
Әуелеп бір айтылатын арман ән,
Құтты болсын арулардың мейрамы,
Көуделерге бақыт болып орнаған!!!
Сандуғаш ОРЫНБЕКОВА, БҚ 104.

Жан анам

Анам менің – асыл анам, жан анам
сізден жақын бұл өмірде бар ма адам?..
Сіз ғой менің өмірдегі байлығым!
Тілеуімді тілеп жүрем әрқашан!

Балаларын бақытына балаған,
Сіздей жанды қайдан гана таба алам?..
Ақ жүректі, мейірімді анашым
Біздер үшін қамқор болып жаралған!

Бар өлемнің жинасам да асылың,
Ақ сүтінді өтеуге жетпейді ғой асырым.
Тек сұрарым мейірімді Алладан
Анашымның амандығын, бақытын!
Жанерке ЕРМҰХАН, БҚ 104.

Менің анам – менің көзім Жанарым

Менің анам – менің көзім-жанарым,
Сіз дегенде жүрек дүрсіп қағады.
Жан анашым, бір өзіңнің арқаңда,
Күндей болып, шуақ шашам, жанамын.

Анам менің дүниеге әкелген,
ақ сүтіннен нәр алып мен өсіп ем.
Балалықпен қанша төнетек болсам да,
Мейіріммен барлығын да кешірген.

Менің анам – өмірімнің тірегі,
Аман жүрсең, маған сол ғой керегі.
Бақытты бол, ауырма деп тілейді,
Ақтолықның ақ тілегі, жүрегі.
Ақтолық Сейдахметова, АҚ 110.

Дем беретін сүрінген сағатымда

Тең келмес бар өлемнің байлығы да.
Сен емдейсің уайымды, қайғыны да.
Өзің барда мен бейне өзендеймін
мөлдір, тұнық нәр берер айналаға

Күн болып жарық шашқан қараңғыда
Ақ жүзің аппақ айдай жаңа туған.
Дем беретін сүрінген сағатымда
Қолдаушым сабырына иек артқан!
Ақжан ЕРКІНҚЫЗЫ, БҚ 105.

Жыр жауқазындары» үйірмесінің жетекшілері: Д Аңсабаев, А.Абилямажинова.

СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ!

Жетісу университетінде жыл сайын 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында салтанатты жиын өтеді. Дәстүрлі шарада оқу орнының ректоры Қуат Маратұлы университет дамуына үлес қосқан аруларды түрлі дипломдармен марапаттайды.

Биыл да Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім қызметкерлерінің ұйымдастыруымен мерекелік концертке ұласқан салтанатты жиын өтіп, бірқатар қызметкерлер марапатталды:

Білім беру мен ғылымдағы жоғары жетістіктері, көп жылдық жемісті еңбегі, кәсіби шеберлігі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен Бақраденова Алтын Бақраденқызы;

Жемісті педагогикалық қызметі, жастарға білім және тәрбие беру ісіне сіңірген үлесі, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен атқарғаны үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың «Құрмет грамотасымен» Педагогика және психология жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (доцент) - Нуржанова Тамара Тақисқызы, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Ашкеева Нұршархан Несіпбекқызы, Үздіксіз білім беру институтының әдіскері - Закарин Салтанат Әлімбақызы, Жаратылыстану және техникалық ғылымдар бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі - Турлыбекова Меруерт Рыскелдіқызы, Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері - Оңғарбаева Сұлушаш Сәбитқызы;

атындағы Жетісу университетінің қызметін насихаттау мен қоғамдағы мәртебесін арттыруға қосқан зор үлесі үшін «Ілияс Жансүгіров» медалімен Медиаторлық басшысы - Шаянбаева Баян Машрипханқызы;

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» Құрмет грамотасымен Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері - Маукебаева Маржан Атласқызы, «Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясының аумақтық бірлестіктер Алматы облыстық кәсіподақ орталығының» Құрмет грамотасымен Құлық және экономика жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері - Жақыпова Гүлім Абдолдақызы, «Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» ҚБ Құрмет грамотасымен Оқу-өндірістік цехтың аға шебері - Чукенова Бахытгүл Айтбекқызы, Әскери кафедраның біліктілігі жоғары деңгейлі, жоғары санатты негізгі персонал маманы - Масалимжанова Эльмира Берікқызы, Техникалық ғылымдар жоғары мектебінің аға лаборанты Ибраимова Динара Тохтарханқызы, Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының аға менеджері - Мұқанова Айым Нұрғазықызы, №2 оқу ғимаратының тазалаушысы - Азимова Нұргүл Өміржанқызы, №1 оқу ғимаратының тазалаушысы - Исаева Алтын Амиркешқызы марапатталды.

Кеш соңында университеттің белсенді қызметкерлері мен студенттер мерекелік концерт қойды.

КОНФЕРЕНЦИЯ



МЕКТЕПТЕГІ ТАРИХИ БІЛІМ...

3 наурызда М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті базасында «Мектептегі тарихи білім: Жаңа тұжырымдама, ашық сана, заманауи көзқарас» атты тарих пәні мұғалімдерінің съезі өтті. ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың қатысуымен өткен жиында 5 секция: Орта мектепте тарихты оқыту мазмұны: оқу стандарты, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар және оқу әдістемелік кешен, Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау, Мектеп оқушыларының тарих пәні бойынша ғылыми-жобалық зерттеулер, Республикада тарих пәні мұғалімдерін дайындау, кәсіби біліктілігін көтеру, аттестаттау, Қазақстан республикасының орта білім беру ұйымдарында тарих пәнін оқытудың тұжырымдамалық негіздері (жоба) бойынша мәселелер қаралды.

Ауқымды жиынға Жетісу университеті Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері, тарих ғылымдарының магистрі Өнербек Қуанған қатысып қайтқан еді.

Өнербек ҚУАНҒАН: Ең алдымен осындай тарихи маңызы бар жиынға қатысуға мүмкіндік берген университет әкімшілігіне алғысым шексіз. Елімізде тарих пәні оқытушыларының басын қосқан мұндай ауқымды жиын алғаш рет өтіп жатқан соң, өте көп мәселе қозғалды.

Съезді ҚР Білім және Ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мырза өзі бастап, аяғына дейін тыңдады. Кейінгі жылдары Тарих пәніне арналған оқулықтар саны көбейгенмен, сапасы сын көтермейтін. Мамандардың бас қосуында осы оқулықтар мен пәнді оқытудың сапасы басты мәселе болды.

Білім беруде көп жылдық тәжірибесі бар оқытушы, ұстаз, мұғалімдердің шеберлік сағатын тыңдадым. Тәжірибе алмасуға көп мүмкіндік берілді.

Жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде, пәнді оқытудағы мәселені сол мәселемен күн сайын бетпе-бет келіп жүрген нағыз мамандардың талқылағанына шын қуандым. Мұғалімдер мен оқытушылар өздері білетін мәселені әр қырынан, бүге-шігесіне дейін талқылап, ой бөлісіп, бір тұжырымдамаға келіп тарқасты.

Жиынның тарих пәнін оқытудағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететініне сенемін».

Республиканың әр аймағынан жиналған тарих пәні оқытушылары мен мұғалімдері пәннің мазмұны, әдіснамасы және сапасы бойынша диалогтарға белсенді қатысып, ғалымдар мен практик мамандар тарихты оқытудың қазіргі жай-күйін талқылап, жаңа, неғұрлым сапалы нәтижелерге қол жеткізудің тиімді жолдарын қарастырды.

ҰЛТ ҒЫЛЫМ АЗЫ

Был қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, публицист, педагог, аудармашы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл. Ағартушының мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланады деп жоспарланған. 2021 жылғы 9 қарашада Үкімет арнайы қаулы шығарып, мерейтойды ұйымдастыруға жауапты комиссия құрамын бекітті.

Ғалымның қазақ тіл білімі ғылымы жайлы мұрасын тілші мамандарға меңгерту мақсатында «6B01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті», «6B02402 - Филология» білім беру бағдарламасы студенттеріне «Ахмет Байтұрсынов және тіл білімі ғылымы» пәні оқытылып келеді. Мақсаты – А.Байтұрсыновтың фонетика, морфология, синтаксис, терминология саласы бойынша ой-пікір,

тұжырымдарымен, еңбектерімен таныстыру, мазмұнына бүгінгі күн тұрғысынан қарап, қазіргі қазақ тіліндегі Ахмет ілімінің орнын анықтау, салыстыру, бағамдау. Ғалымның мерейтойы қарсаңында аталған мамандық студенттері «Ұлт ұстазы» тақырыбында материалдар топтамасын ұсынған еді.

Пән оқытушысы
Қарлығаш САРБАСОВА.



ЖАНКЕШТІ ЖЫЛДАРДАҒЫ

ӘЛШЕУСІЗ ЕҢБЕК



Ахмет Байтұрсынұлының пролетариат көсеміне арнаған мақаласында: «...патша заманында жұрт жұмысына бүтіндей кіріскен адамның көретін күні белгілі – абақты мен айдау» деген жолдар бар. Бұл автордың өз өміріне қарата айтылғандай көрінеді, себебі қазақ әліпбиінің негізін қалаушы ұлт ұстазының өмір жолына үйілсеңіз оның абақты мен айдаудан арылмағанын түсінесіз.

алды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жарияланғаны үшін өкімшіліктің тарапынан бірнеше мәрте (1914-15), ресми есеппен үшінші рет абақтыға отырады.

1918-1919-шы жылдары «Алаш» партиясының жетекшісі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссия құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланды. 1919 жылы 24 шілдеде В.И.Лениннің қабылдауында болып, оның бекітуімен Қазақ өлкесі Әскери-революциялық комитеті кеңесінің мүшесі болып тағайындалады.

1922-1924 жылдары Қазақтың Халық ағарту институтында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс оқиды, Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде Әліпби туралы баяндама жасайды. 1925 жылы «Ақжол» газетінде «Енді «қазақ» демей болмайды», 19-ші мамырда «Қазақстан мен Қазағыстан туралы»; «Жаңа мектеп» журналында «Баулу мектебі» т.б. өзекті мақалалары жарық көреді.

1928 жылы Кызылордада өткен Әдебиетшілер мен тілшілердің жиналысына шақырылып, қайта қамауға алынады. Бұл ғалымның - төртінші рет қамауы.

1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады. 1931-1933-ші жылдары Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елдімекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық

тұрады. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыда «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды. 1934 жылы 16 желтоқсанда Орталық музейге кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936-шы жылдың 21-ші қыркүйегіне дейін істейді.

1935-ші жылы дәрігер Морозовтың жеке емханасында аудармашы болып жұмыс жасайды. 1937-ші жылы тамыздың 8-ші күні бесінші рет тұтқындалып, осы жылы желтоқсанның 8-ші күні атылады.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазуға ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды.

Біз баян еткен деректер Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметінің азғантай бөлігі ғана, күрескер тұлға замандастары айтқандай түрмеде отырып та «тізесін үстел ғыл», қаламының қарымын тартпай, соңғы демі үзілгенше езілген елінің қамын жеп, ой толғаған.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келген, көшпелі мектепте сауат ашады. 1886-1891 жылдар аралығында Торғайдағы екі сыныптық орыс - қазақ училищесінде оқыды. Сол жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне оқуға қабылданып, 1895-ші жылы ОММ-нің Педагогикалық кеңесінің шешімімен «бастауыш училищенің оқытушысы» деген атақ беріледі.

1895 - жылы тұңғыш мақаласы – «Киргизские приметы и пословицы» «Тургайская газета» басылымының 39- нөмірінде жарияланады. 1896 – 1903 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектепте, екі сыныптық училищеде оқытушылық қызмет атқарады. Оқытушылықтан бөлек, білімін жетілдіру үшін әдеби жазба жұмыстарымен айналысады. Осы

тұста Омбыға барып, біршама аялдайды. 1905-1908-жылдары Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінің оқытушысы әрі меңгерушісі болып екі міндетті қатар атқарады. 1908 жылы саяси көзқарасы үшін Қарқаралы абақтысына қамалады.

1909 жылы «Қырық мысал» жинағы басылып шығады. Кітап қазақ оқығандарын дүр сілкіндірсе, ал қамсыз жатқан қалың қазақтың намысына қамшы болып тиді. 1909 жылдың 1 шілдесінде қайта ұсталып, 1910 жылдың 21 ақпанына дейін Семей түрмесінде сотсыз, үкімсіз, сарылып 7 ай отырады. 1910 жылы 9 наурызда Орынборға жер аударылады. Онда 1924 жылға дейін өмір сүрді. Осы уақытта оның қаламынан қазаққа аса қажет оқулықтар өмірге келеді.

1913 – 1918 жылдары қырғыз атанған қазақ жұртының аталы атауын қайта жаңғырту мақсатымен «Қазақ» газетін шығарып, ұйымдастырушы әрі бас сарапшы қызметін атқарды. Осы тұста әлеуметтік аху-

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ


Ахмет Байтұрсынұлы «қазақ тілі білімінің көшбасшысы», «ғасыр саңлағы», «қазақ тілі білімінің атасы», «қазақ жазуының реформаторы», «қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы», «қазақ халқының рухани көсемі», «ұлтымыздың ар оянданы» деген құрметті атауларға өзінің жанкешті еңбегі мен халқына деген сүйіспеншілігі арқылы ие болды деп білеміз.

Ол өзінің бүкіл өмірін қазақ халқының сауатын ашуға жұмсады. Нақтырақ айтсақ, қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымының негізін қалады.

Ғалым қазақ қоғамындағы ғылым мен мәдениеттің өркендеуі жазу негізінде жүзеге асатынын ерте түсініп, сауатсыздықты жою үшін әріп, оқулық мәселесін жолға қою кезек күттірмейтін іс деп қарады. «Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» деген идеясын іске асыру мақсатында қазақтың аса зәру мәселесі қазақ әліпбиінің таңбасын жасауды қолға алды. Нәтижесінде 1910 жылдан бастап, араб жазуының қазақ тілі үшін қолайлы емес тұсын түзеп, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп, сингармониялық ұлттық әліпбиі түзеді. Ғалымның реформалауынан кейінгі араб жазуын бүкіл түркі жұрты ұлттық жазу жүйесі деп таниды. Өз кезінде «төте жазу» аталған бұл әліпбиін, жазу жүйесін қазір ұлттық қазақ жазуы деп атаймыз.

«Араб әліппесі қазақ арасына дінмен бірге жайылған. Дінмен байланысқан әліппені тастап, қазаққа басқа әліппе алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң, араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек» деді. Ахмет төте жазуының ең басты ерекшелігі мыналар еді:

деген мақаласында «...Он-реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» - дейді. Яғни, Ахметті қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді. 1924 жылы Е. Поливанов Ташкенттің «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы аясында Қазақ әліпбиіне «Байтұрсуновская графика» деген атау беріп, осы жаңа емле туралы: «... эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділетті бағалады. Яғни, әліпби таңдаудағы Ахметтің «төте жазуын» ұлттық



- қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады.
- араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілер қолданылмады.
- дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.
- араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген.

«Емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» деген тұжырым жасағанын байқаймыз.

1919 жылы А.Самойлович «Литература Востока» атты басылымда «Литература турецких народов» (Түрік халықтарының әдебиеті)

таңбаның тарихи қалыптасуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс ғалымының «... енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» – деген ғылыми мәлімдемесі қазақтың жаңа қалыптасқан ұлттық ғылымы үшін зор мақтаныш болды. Ал тұлғаның замандастары: «... Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен арасалуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады» «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді» деді.

Арманы қазағының азаттығы

Ұлы ұстаз Байтұрсынның Ахметі,
Елін сүйген халқына жақын еді.
Алашым, қазағым деп қалам алған,
Ер жүрек, қайтпас-қайсар, батыл
еді.

Негізін қалаған да Әліппенің,
Оқу- жазу түгендеп артық кемін.
Ерен еңбек арнады қазағына,
Әліпбидің дәл реттеп әріптерін.

Өзі ұстаз, өзі ғалым, өзі ақын,
Жаны нәзік өлеңге болды жақын.
Арманы қазағының азаттығы,
Түрмелерде көп көрді азап күнді.

Ар оянданы ақынның таза болды,
Қазағым деп көкірек шерге толды.
Есіл ерім репрессия құрбаны боп,
Қызыл жемдет қолында қаза болды.

Ұстаздың еш кетпеді еңбектері,
Ұрпақ үшін көрсеткен дара жолды.
Мәңгілік ұмытпайды туған елі,
Көп зерттеп, ақтап алды ұрпағы

оны.

Диана ҚАБДИКАРИМОВА,
2 курс.

Қазақтың кемеңгері

Ғылымдағы асыл жан, кемеңгері
қазақтың,
Сара жолда әдебиет пен тілдің
негізін қалады
Мұралары қалың жұртқа бааыт
берген жол сілттеп,
Ұлы ұстаз – Байтұрсыннов Ахметтей
бабамның.

Білім үшін бар ғұмырын аямастан
сарп еткен,
Сөз таптарын жөн жүйелеп,
жинастырып әр тектен.
Тірнектеумен тірлік қылып қайран
қазақ қамы үшін
Тастүнекті жарып шыққан жасын
оттай жарқ еткен.

Қазағымның тілі менен әдебиетін
танытқан,
Талай түндер, талай күндер көз
жанарын суалтқан.
Тілін танып өсіп жатыр жас –
болашақ ұрпағың,
Біздер үшін бола білді мұрағатың
жарық шам!
Нұргүл СҰЛТАНМҰРАТ,
ФҚ 211 топ.

Ғылыми жетекшісі Қ. САРБАСОВА,
ф.а.к., қауымдастырылған профессор.

Материалдар Р.Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» атты монографиясы негізінде дайындаған.

Если кто-то занимается любимым делом, то он самый счастливый человек на свете. И для этого необязательно иметь собственный бизнес. А можно просто проявить потенциал, продемонстрировать лучшие качества, навыки и умения, постоянно развиваться и двигаться вперед. Для таких людей жизнь и труд – единое целое.

Наша сегодняшняя интервьюируемая – именно такая творческая личность. Тот, кто извлекает из своего увлечения одно удовольствие, что немаловажно. Она же старший офис-менеджер Call центра Жетысуского университета имени И. Жансугурова. Отзывчивый друг, верная коллега и незаменимый сотрудник – Какимсеит Бакытгуль открыла нам сокровенные тайны своих шедевров...



Бакытгуль КАКИМСЕИТ,
старший офис-менеджер Call центра
Жетысуского университета имени И. Жансугурова

украшений из металла!

— Сама ничего не делаю. Я их покупаю, затем оформляю. Просто вот думаю, какую рамку подобрать, на какой основе и приклеиваю. Украшение оформленное в рамку, как пожелание выйти замуж, будет отличным подарком для девушки. В процессе общения с покупателями поняла, что их покупают и для домашнего интерьера. Национальный стиль – классный акцент. Главное, подобрать правильный дизайн.

— Я видела еще какие-то работы. Только не знаю, как их назвать. На ювелирные изделия они не похожи...

— Вы наверное имеете в виду «Үйтұмар». Это оберег для дома. У наших предков такие символы, в основном, несут смысл доброты и света, долголетия, крепкого здоровья.

— У Вас есть ученики?

— Нет. Никогда и никого не обучала.

— Вдохновение приходит только во время работы.

Габриэль Гарсиа Маркес

— Мои персонажи, мысли появляются

ГЕНРИ ФОРД: ЛУЧШАЯ РАБОТА – ВЫСОКООПЛАЧИВАЕМОЕ ХОББИ



для новых владельцев картин дополнить их самим. Быть может кто-то доработает этот сюжет, украсит или захочет поменять саму идею этой картины с помощью каких-то дополнительных деталей. И это прекрасно.

— Какие материалы Вы используете?

— Владею принципами составления композиций из натуральных материалов:



таких, как джут, галька, мешковина, колосья пшеницы и соломенные переплетения.

— Что Вас мотивирует к рукоделию?

— Натуральные материалы, которые в сочетании создают уютную гармонию своей простотой. Хорошая энергия в стиле минимализма, когда смысл изображения прост и ясен. Картины, которые хочется потрогать, иногда и дополнить на свой вкус.

— Расскажите, пожалуйста, о своих портретах. Что Вы применяете в написании картины: акрил, гуашь, акварель, масло?

— Свое хобби я отношу к декоративно-прикладному искусству. Заметьте, сама я не рисую. Если Вы спрашиваете про афроамериканских девушек, то это уже готовый

холст. Я лишь занимаюсь оформлением. Но это мало отражает мое творчество. Поэтому не хотелось бы останавливаться на достигнутом. Со временем я чувствую, что действительно выхожу на более высокий уровень. Это меня мотивирует.

— А как насчет выставок? Идея хорошая ведь!

— У меня накопилась приличная коллекция картин. Я с удовольствием, конечно, их где-нибудь выставила бы, но мои работы очень специфичны и не всегда будут сочетаться с работами других мастеров. Ну и пока не нашла таких единомышленников в нашем городе, чтобы с ними организовать какие-то показы. Для расширения и изучения своей аудитории, несколько раз участвовала в ярмарках, распродажах. Хотелось увидеть реакции людей на мое творчество. А потом уже я стала уверенней


неожиданно. Обычно я в интернете просматриваю какие-то силуэтные рисунки. Из них уже и складываются мои образы. Ну и дальше идеи там разные. Для меня важен момент соприкосновения к чувствам общих ценностей. Люблю минимализм. Особое значение в своих картинах придаю сочетанию пастельных цветов, фактурной ткани и характеру своих персонажей.

— Владислав Гжегорчик: увы, будущее никогда не приходит – вокруг нас всегда настоящее. Но все же, какие планы на ближайшее будущее?

— Планирую выпустить альбом с иллюстрациями лучших работ.

— Спасибо Вам за теплую беседу. В светлый весенний праздник Наурыз мы желаем, чтобы душа от радости парила, как птицы в поднебесье, чтобы улыбка озаряла лицо, как ясное солнце небосвод. Открывайте шире двери в дом и с улыбкой пускайте фортуны, счастье и здоровье. Пусть они весь год заботятся о вашем благополучии!

Беседу вела
Алтынай МАХИМОВА.



двигаться в этом направлении.

— Еще чем-нибудь увлекаетесь?

— Да. Когда однотипное предлагаешь, бывает скучновато. Поэтому чисто для ассортимента я делаю картины из украшений. Ведь все мои работы имеют некий смысл. К примеру, денежное дерево не просто украшает дом, но и притягивает деньги и богатство, шашбау к замужеству и так далее.

— Опишите процесс изготовления



Family

— Как это все началось?

— Во время пандемии, когда все дни подряд мы вынуждены были сидеть дома, никуда не выходили. Пришлось организовать себя и свое время. Мне всегда хотелось найти какое-то занятие, связанное с картинами, которые будут выполнены из натуральных материалов. А сам процесс начинался с мелких камней, что и дало название моему аккаунту «Stones.craft». Ремесло из камней или каменное ремесло. Под этим я имела в виду, что ремесло – мое хобби и оно надолго.

— Была ли мысль открыть бизнес?

— Нет. Вообще не было такой мысли. В своих работах всегда пытаюсь найти красоту в простом сочетании спокойного цвета и с его помощью выразить чувства доброты, пожелания чего-то искреннего и вечного. Вынести на всеобщий обзор и преодолеть волнение по этому поводу помогли первые комплименты друзей, родных и близких. Появились вдохновляющие комментарии и первые покупатели.

— А в семье кто близок к творчеству?

— Никто, к сожалению.

— В чем особенность картин из ткани?

— Мне нравятся картины, которые можно потрогать, что излучают тепло. Тайна моих работ в том, что я оставляю возможность



ҰРПАҚ - ҰЛТТЫҢ ЖАЛҒАСЫ

*Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз.
Қасым-Жомарт Тоқаев*

Балалық шақ... көз алдыға алаңсыз ойнап, уайымсыз күлген бүлдіршін бала бейнесі еріксіз келеді, солай емес пе? Бақыттың бал дәмін татып, ересек жанды еркелігімен баурап, қылығымен алдап жүрген кішкентай сәбилер балалық балдәурен күндерін күлкімен өткізсе деймін. Солай болуы қажет те. Себебі, бақытты балалықсыз, балалықты бақытсыз елестету мүмкін емес. Бұл тұрғыда өз заманында Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев та:

*«Бақыт деген – сенің бала күндерің
Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз-ақ ойнағаның-күлгенің», –*
деп жырлап өткен болатын.

Бақыттың не екенін білмей бақытты күндерін өткізген сол күннің балалары бүгінгі күні біреуге ата-әже болса, біреуге өке мен ана болып, бақыттың мәнін түсіндіруде.

Асқар тау құламаса, Аналар жыламаса, өзен ағысынан жаңылмай ағып, аспанды бұлт, сананы үрей баспаса екен. Қоғамда орын алған жаға ұстатар көп жайдың ауылы алыстап, қатыгез жандар азайса болар еді. Сонда ғана әлеуметтік желілерде шырылдап көмек сұраған шарасыз аналар мен бейкүнә сәбилер азайып, жанашыр азаматтар көбейеді дегенге сенгім келеді. Өйткені, қазақ жетімін жылатпаған халық. Тіпті, сонау алмағайып заманда да балалар үйі болмаған. Сіз болып, біз болып, жалпы ұлт жанашырлары ретінде қоғамдық мәселеге айналуға шақ қалған бұл істі жұмыла көтерсек ауырлықты сезбесіміз анық. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңажылдық құттықтау сөзінде: «2022 жылды – Балалар жылы», – деп жариялайтынын айтып, «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді көпірі. Сол себепті келесі жылды Балалар жылы деп

жариялау керек деп есептеймін», – деді.

Жастарға бөлінген жыл өз міндетін ойдағыдай орындап, қолдан келер бар жақсылық орындады. Еріктілерге арналған жыл да өз мәресіне жетіп, біраз жұртты қуанытып үлгерді. Алдағы жылға жоспарланған 365 күніміз балалардың бақытты болу жолына жасалған бір қадам болса, ел қуанышында шек болмас еді.

Бала – бақыт, бала – байлық. Ал саналы ұрпақ расында да, ұлт болашағының көпірі. Ел тұтқасын ұстар есті азаматы мен намысын бермес жігерлі жастары болары даусыз. Ұрпақты ұлттың жалғасы деп қараған бабаларымыз өзге жұрттан ұрпақ тәрбиесіне деген ынта-ықыласы мен ниеті арқылы озық тұр. Алаштың ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі», – дейді. Иә, атам қазақ сәбиін бесік жырымен жұбатып, әнмен әлдилеп, ертегімен елітіп, жырдастанмен құлақ құрышын қандырған. Ел қорғаған батырды, сал-сері мен ақынды өнеге еткен. Міне, осындай мейірім мен даналықты бойына сіңірген қазақтың қай ұрпағы болмасын ұлттық намысты жоғары қоятын, көргенді, көпшіл болып өскен. Бұл мәселе, яғни ұрпақ тәрбиесі қай кезде де күн тәртібінен түспеуі тиіс. Себебі ұлт келешегі сапалы, саналы тәрбиеде жатыр.

«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деген Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлт міндетіне жүктеген бұл сөздерін тапсырма деп емес, ұлтқа артқан сенім, балаларға жасалар игі істің бастамасы деп білгеніміз абзал. Себебі, сәбидің бәрі бақытты болуы үшін жаралған...

Ерік САРЖІГІТОВ,
Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің оқытушы-ассистенті.

● СПОРТКЛУБ

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН РЕКТОР КУБОГЫ



Жуырда Спортклубтың ұйымдастыруымен «Шағын футболдан» университеттің құрылымдық бөлімдері арасында «Ректор кубогы» өтті. Жарысқа Құқық және экономика жоғары мектебі, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Техникалық ғылымдар жоғары мектебі, Педагогика және психология жоғары мектебі, Жаратылыстану жоғары мектебі, ЖУ колледжі, Ректорат пен Әскери кафедрадан 8 команда қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша Жандос Әмірбай – Үздік шабуылдаушы, Марат

Шәкен – Үздік қақпашы, Диас Бабаш – Үздік қорғаушы, Бауыржан Таубаев – Үздік ойыншы, Ильяс Есенғабылов – Үздік бомбардир, Ерлан Андасбаев – Үздік ойыншы, Мансұр Тоқанов – Үздік төреші атанса, Құқық және экономика жоғары мектебінің командасы – I орын (50 000тг), Жаратылыстану жоғары мектебі командасы – II орын (30 000тг) Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі командасы – III орын (20 000тг) алды.



ОТБАСЫЛЫҚ ЖАРЫС МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

11 наурызда университеттегі профессорлық – оқытушы құрам мен қызметкерлер арасында «Әкем, анам және мен – біз спорттық жанұя» отбасылық жарысы өтті. Челноктық жүгіріс, кермеге тартылу, пресс, жүгіру эстафетасы, баскетбол добымен жүгіру эстафетасы, кедергілерден жүгіру, арқан тартыс секілді 7 турдан тұратын жарысқа 5 команда қатысты.

Бес команда арасынан оқ бойы озық шыққан Құқық және экономика жоғары мектебі I орын, Жаратылыстану жоғары мектебі II орын, Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі III орын алып, кәсіподақ ұйымы атынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Берік БИТЛЕУОВ,
спортклуб төрағасы.



БЫТЬ ЧЕЛОВЕКОМ - ЭТО...



Быть личностью – чувствовать свою ответственность. Гордиться каждой победой, одержанной товарищами. Сознать, что кладя кирпич, и ты помогаешь строить мир.

В шесть часов утра, а за окном все темно, так охота ещё полежать и помечтать. Знать, что кое-кто каждый день ставит себе цель, и стремится покорить новые вершины. Важен каждый прожитый день. Цените миг, из которого состоит жизнь. Цените жизнь, и ищите смысл внутри каждого вдоха.

Быть индивидом – это направлять на правильный путь другие поколения, постоянно меняться в лучшую сторону, развиваться, улучшать способности и отношения с людьми. Надо помнить одно: самые главные вещи на свете вовсе не вещи. Это люди, места, воспоминания. С возрастом, хочется вернуться

туда, где все началось. К примеру, в свой родной дом, на родину.

Да, в жизни мы познали счастье и горе. И смысл в том, чтобы научиться вставать, после поражения. Нельзя сдаваться. Жизнь любит сильных, открытых, добрых. Возможно, люди такие разные, но нас объединяет мудрость и искра в глазах. У каждого собственные представления...

Родиться человеком – чудо, остаться им – тяжкий труд.

Валентина СКОТАРЕВА,
студентка 2 курса.



Жизнь не стоит на месте. Ведь с каждым годом человек становится старше, опытнее и мудрее. Мы часто задаемся вопросом о смысле жизни. Зачем мы рождаемся, живём?

Время назад не повернешь. Жизнь быстротечно и стремительно движется вперед, то есть к концу. Ценности меняются, друзья уходят, дети вырастают. Человек в итоге остается наедине с самим собой. Именно в такие моменты и начинают лезть в голову

ЖИЗНЬ НЕ СТОИТ НА МЕСТЕ

разные, порой даже, странные мысли.

Я считаю, что смысл жизни в том, чтобы наслаждаться ею. Мы не должны долго думать о возвышенном. Стоит просто забыть об этом и начать радоваться, ведь жизнь так многогранна. В ней много хороших, грустных и несправедливых моментов. У многих людей иногда возникает желание уйти из жизни. Однако, желание жить чаще побеждает. Это правильно. Ведь второго шанса уже не будет. Из всего нужно уметь извлекать уроки. Во всем нужно искать позитивное.

Лично, я рада, что живу в этом мире. Я каждый день вижу солнце. А ведь некоторые люди не могут наслаждаться тем, что имеют, даже если ни в чём не нуждаются. Нам стоит научиться просто радоваться, ведь в этом и есть сладость бытия. Жизнь – это бесценный подарок, которым нужно дорожить.

Дильназ КАДИРОВА,
ЖР-211.



ЖЕТИСУСКОМУ УНИВЕРСИТЕТУ 50 ЛЕТ

Обучаясь в ЖУ на втором курсе, я заметила, что наш университет активно участвует в социальной жизни города. Проводит различные благотворительные ярмарки, конкурсы, розыгрыши и образовательные программы.

За два года обучения в вузе, я искренне поняла, что люблю это учебное заведение. Здесь отличные преподаватели, которые вкладывают в студентов не только знания,

но и душу. Еще наш университет имеет богатейшую библиотеку, где собрано не только множество научных книг, но и художественных произведений. Поэтому во время сессии у нас никогда не бывает проблем с поиском литературы.

Ни разу не пожалела, что поступила именно в университет имени Ильяс Жансугурова!

Милана СЕРИКОВА.



РЕЦЕНЗИЯ

КНИЖНЫЙ ВОР



Дорогие читатели, как же вам долго пришлось ждать продолжения статьи «Книжный вор», где мы писали о книголюбив и поздравили всех с международным днем дарения книг.

«Книжный вор» – именно та книга, которая переворачивает ваше сознание, выворачивает душу наизнанку, выжимает до капли из вас последние эмоции. Потрясающие мысли и слова, которые заставляют смеяться и улыбаться сквозь слёзы. Вы можете быть одновременно опустошены и переполнены ощущениями.

Тяжелый и сильный роман популярного австралийского писателя Маркуса Зусака был написан в 2005 году. Удивительная книга, с изумительным сюжетом, о силе слов и способности книг вскармливать душу.

Конец вас очень тронет, эти шестьсот страниц пролетят слишком быстро. В целом, произведение о том, как в любых обстоятельствах человек может и должен оставаться человеком.

Эдуард Асадов

*Плохой ли, хорошей рождается птица,
Ей всё равно суждено летать.
С человеком так же не случится,
Человеком мало родится,
Им ещё надо стать.*



Родина моя

Казахстан – необъятные горы,
Он каждый день заново тянет
влюбиться.
В широкие реки, леса и озёра
В дружбу наций, религий, традиций.

Казахстан – чудесные виды,
В родной стороне и солнце теплее.
Казахстан – о, доброе сердце,
Сколько народов ты в нём бережно
греешь...

Казахстан – цветущие поля,
Ручей, как слеза, чистойшая
искриться.
Независимая моя страна,
История, которой хочется
гордиться.

Казахстан – богатые земли,
Как хочется обнять тебя душой...
Я смогу его покинуть, только, если
Можно будет забрать его с собой.

Валерия НИКОЛАЕВНА,
Рял-411.

Страница подготовлена Алтынай МАХИМОВОЙ.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: Н. Дутбаева
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: І. Базарханов

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187а.
Байланыс телефоны: 312484

Индекс 64568
Тапсырыс №295
Таралым 2000 дана